

2019 жылға жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 15 наурыздағы № 753 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 18 наурызда № 6735 болып тіркелді. Мерзімі біткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 9-бабының 7), 8) тармақшаларына сәйкес Жаңақорған ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 2019 жылға пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін, ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін квоталар осы қаулының 1, 2 және 3 қосымшаларына сәйкес белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Жаңақорған ауданы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Жаңақорған ауданының әкімі

Ғ. Әміреев

Жаңақорған ауданы әкімдігінің
2019 жылғы "15" наурыздағы
№ 753 қаулысына 1-қосымша

2019 жылға пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін квота

№	Ұйымның атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны (адам)	Жұмыскерлердің тізімдік санынан алғандағы квотаның көлемі (%)	Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының саны, (адам)
1	"Сұңқар" шаруа қожалығы	55	2	1
2	"Бақытжан" шаруа қожалығы	30	2	1
3	"Мырзабай" шаруа қожалығы	20	2	1
	"Тасболат-А" жауапкершілігі			

4	шектеулі серіктестігі	12	2	1
---	-----------------------	----	---	---

Жаңақорған ауданы әкімдігінің
2019 жылғы "15" наурыздағы
№ 753 қаулысына 2- қосымша

2019 жылға бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін квота

№	Ұйымның атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны (адам)	Жұмыскерлердің тізімдік санынан алғандағы квотаның көлемі (%)	Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғандарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының саны, (адам)
1	"Түгіскен" тәжірибе шаруашылығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	70	2	1
2	"Сарман-Тастақ-Жаңақорған" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	13	2	1

Жаңақорған ауданы әкімдігінің
2019 жылғы "15" наурыздағы
№ 753 қаулысына 3-қосымша

2019 жылға ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін квота

№	Ұйымның атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны (адам)	Жұмыскерлердің тізімдік санынан алғандағы квотаның көлемі (%)	Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтардың жұмысқа орналастыру үшін

				ж ұ м ы с орындарының саны, (адам)
1	"Қызылорда облысының білім басқармасының Жаңақорған аграрлы-техникалы қ колледжі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	194	1	2

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК